



«Психологтардан челлендж» қалалық бейнероликтер конкурсының ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Психологтардан челлендж» тақырыбындағы бейнероликтер конкурсы туралы Ереже (бұдан әрі-Конкурс) Конкурсты өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.
- 1.2. Конкурсты Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ұйымдастырып, өткізеді.
- 1.3. Конкурса Астана қаласының білім беру ұйымдарының (балабақшалар, мектептер, колледждер) педагог-психологтары қатыса алады.
- 1.4. Өткізу тілдері: қазақ және орыс тілдері.

2. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Конкурстың мақсаты

Конкурс білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерінің қызметін насихаттау, педагогикалық және ата-аналар қауымының психологиялық сауаттылығын арттыру мақсатында өткізіледі.

2.2. Конкурстың міндеттері

- білім беру қоғамына қатысушылардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін арттыру;
- елорданың білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтердің шығармашылық ортасын құру.

3. Байқау кезеңдері

3.1. Байқау 3 кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең (2023 жылдың 06 наурыз- 17 наурыз аралығы) ұйымдастыру комитетінің атына «Психологтардан Челлендж» тақырыбына өтінім мен бейнеролик ұсыну, осы бағытта мектеп педагог-психологтары тақырыштардың бірі бойынша бейнеролик дайындай алады:

- «Мектептегі педагог-психолог» (бейнеролик 1 минуттан аспайды);
- «Мектептегі психодиагностика» (бейнеролик 1 минуттан аспайтын).

Колледж педагог- психологтарына арналған тақырып:

- «Колледждегі педагог-психолог» , роликтің ұзақтығы 5 минуттан аспайды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог-психологтарына арналған тақырып:

- «Менің бір жұмыс күнім», роликтің ұзақтығы 5 минуттан аспайды.

Осы бірінші кезеңде қатысушылар конкурстың Ұйымдастыру комитетінің атына қысқаша ұсынылған ақпарат нысанында бейнеролик жібереді онда:

- ✓ балаларға психологиялық көмек алу мүмкіндігі;
- ✓ ата-аналарға консультациялық көмек алу мүмкіндігі;
- ✓ балабақшада, мектепте, колледжде бала мен жасөспірімге психологиялық қолдаудың маңыздылығы;
- ✓ оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңыздылығы;
- ✓ білім беру ұйымының педагог-психологының кәсіби имиджін қалыптастыру;
- ✓ мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі педагог - психолог қызметінің негізгі бағыттарын көрсету.
- ✓ педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі шығармашылық көзқарасты көрсету.

Жоғарыдағы талаптарға сәйкес жазбадағы бейнероликтің уақыты, бейнероликтің өтінімі мен сілтемесі google-form-ты келесі сілтеме арқылы жіберу арқылы беріледі:
<https://docs.google.com/document/d/1Gj8D423Pt3hIIWTlrqon4fiPyauatvJp/edit?usp=sharing&ouid=103364744107126600671&rtpof=true&sd=true>

3.2. **Екінші кезең** (2023 жылдың 20 наурыз- 29 наурыз аралығында)- ұйымдастыру комитеті үздік бейнероликтерді таңдап, жеңімпаздарды анықтайды.

3.3. **Үшінші кезең** 2023 жылдың 4 сәуірі күні қалалық семинар аясында үздік жұмыстардың таныстырлымы және жеңімпаздарды салтанатты марапаттау өтеді.

4. Бағалау өлшемдері

№	Өлшемдер	Түсіндірме	Ұпайлар
1	Тақырыпқа, стильге, жанрға сәйкестігі	Ұсынылған тақырыпқа сәйкестік, таңдалған стиль мен жанрдың өзіндік ерекшелігі	1-10 ұпай
2	Бейнероликті логикалық-композициялық ұйымдастыра алуы	Бейнероликтің композициялық дизайны, ақпараттық қанықтылық, құрылымдылық және логика	1-10 ұпай
3	Тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі	Тақырыпты ашудың толықтығы, жаңалығы мен өзіндік ерекшелігі (оның қызықты тұстары)	1-10 ұпай
4	Қарым-қатынас дағдылары мен актерлік шеберлігі	Педагог-психолог өзінің кәсіби құзыреттілігін айқын көрсете алады; педагогикалық шеберлікті, шығармашылықты және әртістікті көрсетеді	1-10 ұпай
5	Жеке аспектісі	Педагог-психологтың кәсіби ерекшеліктерін білім беру ұйымының имиджі көрсетуі.	1-10 ұпай
6	Құқықтық аспект	Егер бейнероликке балалар қатысса, онда педагог- психолог балаларды бейнетүсірілімге заңды өкілдердің жазбаша келісімін алуы қажет	1-10 ұпай
7	Екінші кезеңге өту		45 ұпайдан жоғары

5. Конкурстың қазылар алқасы

5.1. Конкурстың қазылар алқасының құрамына Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК психологиялық сүйемелдеу бөлімінің әдіскерлері және Астана қаласы педагог-психологтарының шығармашылық тобының мүшелері кіреді.

5.2. Қазылар алқасы конкурс ережесіне сәйкес жұмыс істейді.

5.3. Қазылар алқасының мүшелері жұмысты қоса берілген критерийлерге сәйкес бағалайды.

5.4. Қазылар алқасы мүшелерінің барлық кезеңдер бойынша бағалауы жинақталады және конкурстың қазылар алқасының хаттамасын әзірлейді.

Қазылар алқасы мүшелерінің бағалары жарияланбайды және жарнамаланбайды. Қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтау кезінде барынша объективтілікке кепілдік береді.

Жеңімпаздардың бейнероликтері мен конкурстың үздік материалдары «Цифрлық педагогика» бөлімінде жарияланады.

6. Конкурсты ұйымдастыру комитеті

6.1. Конкурсты ұйымдастыру комитеті конкурсты ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді, қатысушыларды тіркеу нөмірлерін бере отырып тіркейді.

6.2. Конкурстың ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының құрамын бекітеді және оның жұмысын қамтамасыз етеді.

6.3. Конкурсты ұйымдастыру комитеті Конкурс туралы ереженің орындалуын бақылайды, конкурс шеңберінде мәдени-ағарту іс-шараларын ұйымдастырады және өткізеді.

7. Конкурс қорытындысын шығару

7.1. Конкурс қорытындысы бойынша қазылар алқасы байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.

7.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығының Бас жүлдесі және I, II, III дипломдарымен және «Креативті тәсіл», «Педагогикалық шеберлік», «Шығармашылық шешім», «Шешендік шеберлік», «Өртістік шеберлік» номинациялары бойынша грамоталармен марапатталады.

7.3. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздардың жұмыстары «Әдістемелік орталық» МКҚК сайтында жарияланады.

Конкурсқа байланысты мәселелер бойынша жетекшілік ететін педагог-психологтардың әдіскерлерінің телефондары арқылы хабарласуға болады:

- мектепке дейінгі педагог-психологтарға жетекшілік ететін әдіскер-Исабекова Айжамал Керімбекқызы-87767460837

- мектеп педагог-психологтарына жетекшілік ететін әдіскерлер Бодикова Ләззат Жамауқызы -87078433328, Сатымбекова Талжибек Сатылғанқызы -87016861813;

- ТжКБ педагог-психологтарына жетекшілік ететін әдіскер Хамзина Күлпан Мұхтарована-87783482054.